**№4 хаттама**
«Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 13 қаңтар 2022 жылы кезекті педагогикалық кеңес өткізілді.

Қатысуға тиісті-79 мұғалім
Қатысқаны-75 мұғалім
Қатыспаған- дәлелді 4 мұғалім

**Күн тәртібінде:**

**1.** 2021-2022 оқу жылының І жарты жылдығындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

(Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Калмагамбетова)

**2.**Жанартылған білім беру аясында 6,7,8, сыныптарда «Сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру»тақырыбында алгебра,физика,химия сабақтарының берілуі жағдайы

(Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Калмагамбетова)

**3.**«Тыңдалым мен айтылым дағдыларын қалыптастыруда саралау тапсырмаларының тиімділігі»тақырыбында 5-9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті,орыс тілі мен әдебиеті,ағылшын тілі пәндерінің мониторингі

(Қазақ тілі бірлестігі З.Масекенова,орыс тілі бірлестігі Г.Нуралиева, ағылшын тілі бірлестігі Н.Кайниденова)

**4.**«Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында оқушыларды тәрбиелеу жүйесіндегі сынып жетекшілердің рөлі»тәрбие жұмысы жай күйі

(директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Шаяхметова)

**5.**Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) арнайы сыныптардағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы

(директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Хидуллина)

**1.Тыңдалды:**

**1-мәселе** Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы І жарты жылдық бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары Г.Калмагамбетова хабарлама жасады:ІІ оқу тоқсанының қорытындысы бойынша мектепте 1-4 сыныптарда 349, 5-9 сыныптарда – 413, 10-11 сыныптарда 59 оқушы.Барлығы 1-11 сыныптарда 821, МАД тобында 75 тәрбиеленуші бар.ІІ оқу тоқсаны бойынша үлгерім 100%, сапа 49%.Айырма +3 өсім бар; Оқу озаттары -75,оқу екпінділері мектеп бойынша-282 білім алушы.Мектеп бойынша Үздік аттестатқа үміткер:11 «Ә» сыныпта Бектемір Назерке,ал 9 «Ә» сыныпта Қазамаған Гүлназ, Қабдісәлім Саида.Білім сапасы бойынша ең жоғары білім сапасын көрсетіп отырған сыныптар мен керісінше мектеп сапасынан төмен білім сапасын көрсетіп отырған сыныптарға талдау жасайтын болсақ: 2 «А»-70%, 3 «А»-66%,4 «Ә»-66%,4 «В»-65%-жоғары сапа көрсетіп отыр;Орта буыннан 5 «А»-65%, 5 «Ә»-55%, 6 «Ә»-56%,7 «Б»-55%,9 «А»-54%-жоғары сапа көрсетіп отыр;10-11 сыныптар бойынша тек ,10 «Ә»-50% жоғары көрсетіп отыр.Бұл жерде жалпы 10-11 сыныптарда оқушы саны аз болғандықтан бұл сапа көрсеткіш төмен болып есептеледі. Бұл орайда,әсіресе 11 сыныптардың 29 оқушының қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ке дайындығын күшейту,жандандыру әр пән мұғалімдеріне ескертіледі. Әсіресе алгебра және анализ бастамалары,математика сауаттылығы, қазақстан тарихы, және ЖМБ пәндрден сапаны көтеруге жұмыстану

қажет. Мектеп сапасынан ең төмен сапа көрсетіп отырған 5 «Б»-42%, 7 «Ә»-42%, 8 «Ә»-40%, 9 «Б»-27%, 9 «В»-30%, 10 «А»-31%, 11 «Ә»-33%, 11 «А»-43%.Диаграммадан байқалғандай білім алушының әр сынып бойынша сапа көрсеткіші жартысынан төмен деңгейді көрсетеді. Ендеше педагогикалық ұжымға сабақта оқушылардың ішінара-ізденіс, ынталандыру,өздігінен проблеманы шешуде қызығушылық арттыру әдістерін неғұрлым жиі қолдану арқылы оқушының шығармашылықтарын арттыруға, зерттей білуге, ұғымдарға тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту жұмыстарын кеңінен қарастыру қажеттілігі байқалды. Сонымен қатар білім сапасы екі,үш сабақтан қанағаттанарлық деңгейді көрсетіп отырған білім алушылармен жеке жұмыс жүргізілуі,қосымша сабақтар оқытылуы қажеттігін баса атап өтті. Сонымен қатар мектептің оқу-тәрбие жұмысында атқарылған мәселелерге тоқталып SWOT талдау жасады. «Атырау облысында білім беруді дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған «Жол картасы» жобасы аясында «Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы» тақырыбындағы командалық курс жұмысы,жоба аясында атқарылған іс-әрекеттер,командалық жұмыстың тиімділігі,инновациялық жобаны іске асыру арқылы білім сапасын арттыру, мектептің дамуын стратегиялық жоспарлау, ұйымдастыру және білім беру ұйымының қызметі мен білім беру бағдарламаларын іске асыру нәтижелеріне мониторинг жүргізу және бағалау әдістері тұрғысында атқарылған нәтижелі жұмыстарды атап өтті.(Хабарлама жалғанды)

**2-мәселе** бойынша Жаңартылған білім беру аясында 6,7,8, сыныптарда «Сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру»тақырыбында алгебра,физика,химия сабақтарының берілуі жағдайы туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Калмагамбетова хабарлама берді:

«Жаңартылған білім беру аясында 6,7,8 сыныптарда сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру» тақырыбында 22- қараша – 6 желтоқсан аралығында алгебра, физика, химия сабақтарының берілуі зерделенді және сабаққа қатысылды.8 а,ә,б сынып оқушыларын жаратылыстану-математикалық бағытындағы сабақтарда саралау арқылы есеп шығару дағдысын дамыту мақсатында командағы берілген тапсырма «ЖМБ пәндерінен саралаудың қарқын,тапсырма, дереккөздер әдістері арқылы сабақта қолданатын тапсырмаларын әзірлеу,кәсіби қолдау» тақырыбында 22 карашада 2021 ж тәжірбиелік алаң ұйымдастырылды. Жобадан күтілетін нәтижелері: Саралау тапсырмалары,бағалау, кәсіби қолдау. Аталған жобаға Т.Утегалиева К.Садгулова Р.Сагиндикова, Н.И.Хидуллина, Г.Тлеумуханова, Қ.Зинуллина, А.Дошымбетова қатысты.«Саралау тапсырмаларын сабақ барысында қалай ұйымдастыруға болады?» деген сауал арқылы саралау тапсырмаларын құрастырудың өзіндік ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталып, пән мұғалімдері өз пікірлерімен бөліскендігін,осы жобаның аясында жалпы 6,7,8 сыныптарға енгізу кезінде математика,физика, химия пәндерін саралау тапсырмаларын сабақта қолданған кезде, білім алушылардың пәнді түсініп, есеп шығару дағдылары ілгерілегенін байқалғанын, сабаққа қосылмай отыратын оқушылар сабаққа араласа бастағаны көрінгенін атап өтті.Бұл зерделеу барысында байқалғандығын әр сабақтарға тоқтала отырып,сабақ ерекшеліктерін талдау кезінде 8 "А" сыныбындағы К.Садыгулованың «Дененің электірленуі.Электр құбылысы.Электр заряды» тақырыбындағы сабағын, 8 "Б" сыныбындағы «Термодинамика негіздері» сабағына қатысқан кезде саралау тапсырмаларының орындалу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артқандығын,25.11.21ж. күні 8 "А" сыныбындағы А.Дошымбетованың «Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер» тақырыбындағы геометрия сабағындағы сабақ мақсатына сай мұғалім түрлі жаңаша оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана білгенін атап өтті. 6,7,8 сыныптарда сабақта саралап оқытуды жүзеге асыруды

ЖМБ пәндердің берілуі жалпы ілгерлеу бар,мұғалімдер сабақ мақсатына сай сабақта жаңаша оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдануда,дегенмен 6,7,8 сынып оқушыларының есеп шығару дағдысын әлі де болса оңтайландыру қажет екендігін, саралау тапсырмаларын тиімді қолдану,білім алушыға алгоритмд бағытта дескрипторды бағалау критерийлеріне сай құру керектігін,әр сабақта тиімді кері байланыс ұсынуға дағдыландыру қажет екендігін атап кетті.

**3-мәселе** бойынша «Тыңдалым мен айтылым дағдыларын қалыптастыруда саралау тапсырмаларының тиімділігі»тақырыбында 5-9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті,орыс тілі мен әдебиеті,ағылшын тілі пәндерінің мониторингі жүргізіліп,талдау қорытындылары бойынша әр бірлестіктен бірлестік жетекшілері мониторинг нәтижесін жасады.Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелерінің қорытындысы білім алушылардың келесі білім деңгейіне З.Масекенова сараптамалық мониторинг жүргізді.Әрбір сыныпқа тоқталып жоғары және орта балл көрсеткіштерін талдап шықты.ТЖБ қорытындылары бойынша білім алушылардың қол жеткізген мақсаттары:қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу,мәтін мазмұнын түсінуге,нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар,мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып,түзету және редакциялау,мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау;мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.

эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі),жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып,мақала құрастырып жазу.Дегенмен,алдағы уақытта білім алушылардың сөздік қоры мен тіл байлығын арттыру мақсатында әдеби кітаптар оқуға,тілдік құралдарды орынды қолданып, мәтіндегі ойға өз көзқарасын жүйелі білдіруі, мәтін стилін анықтауы, сөз әдебін,дәлелдер мен дәйектерді ұтымды қолдана білуі үшін тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануды жүйелеу сонымен қатар білім алушыларды аргументативті, суреттеу, келісу-келіспеу эссе түрлерін жаздыртуға дағдыландыруы қажеттігін атап өтті.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша бірлестік жетекшісі Г.Нуралиева талдама жасады,5 сынып бойынша ТОЖБ 55,2%,қалыпты жағдайда , 6 сынып бойынша ТЖБ сапасы 66%, +6,2% өсім бар,7 сынып ТЖБ сапа 44%, айырма -3,4 түсіп кеткен,8 сынып ТЖБ сапа 44,2%, айырма -10 түсіп кеткен ;9 сынып ТЖБ сапа 57,9%,өсім +8,5 болғандығын,жалпы білім алушылармен жүйелі жұмыс пен нақты мақсатқа сай критерийлермен ЖБ орындалап отырғанын,күнделікті қалыптастырушы бағалауда дескрипторға сай жүйелі жүргізілуінің де әсерінен орыс тлі мен әдебиеті пәнінен сапа қалыпты деңгейде,дейтұрғанмен 8 сынып білім алушыларымен олқылықтарды түзету жұмыстарын жүргізу қажеттілігін атап өтті.

Ағылшын тілі бірлестігі бойынша Н.Кайниденова ағылшын тілі пәні бойынша 1-2 тоқсандық білім сапасының салыстырмалы сараптама мониторингін жасады,

Ағылшын тілінде тоқсандық жиынтық бағалау 4 компоненттен тұратынын,біріншісі-«Жазылым» (Writting)Оқу тақырыптарындағы мәтін деңгейінде берілген тапсырмаларды орындауда дәлелдерді бекітуді жоғары деңгейде орындау,екінші -«Оқылым»(Reading) Оқушыларға тақырыпқа қатысты мәтіндер беріледі,оқушы жеке отырып оқиды.Оқу тақырыптары бойынша кейбір қарапайым қысқа мәтіндердің негізгі идеясын жақсы түсінген. Үшінші мен төртінші «Тыңдалым мен айтылым» »(Listening and Speaking)

Оқушыларға тыңдалымда 60-80 сөзден тұратын тақырыпқа қатысты мәтіндер беріледі,оқушы жеке отырып оқиды (немесе аудио арқылы тыңдайды).Оқушылар мәтінді тыңдау барысында тақырыпқа қатысты мәселені айтады. Осы аталған бөлімде оқушылардың 40 % ең жоғарғы балл дегенде 10 баллдан 7-8 балл алады.Көпшілігі 5-6 балл алады.Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша туындаған қиындықтар:5-9-сыныптар бойынша оқушылардың жұптасып жұмыс жасаудағы қалыптасу дағдылары төмен.Оқушылардың басым көпшілігі жеке жұмысты қажет етеді.Айтылым кезінде оқушылардың оқу техникасының нашарлығы да әсер етеді.Сондай-ақ,оқушы өзіндік пікір қосуда сөздік қорының аздығынан мәтін бойынша пікір айтуда әлсіздік танытады. Дегенмен оқушылар бір-біріне сұрақ қоюуда жақсы белсенділік таныта білді.

**4-мәселе** бойынша **«Рухани Жаңғыру»** бағдарламасын іске асыру жағдайында оқушыларды тәрбиелеу жүйесіндегі сынып жетекшілердің рөлі» тәрбие жұмысы жай күйі туралы директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Шаяхметова хабарлама жасады.

Жалпы мектебімізде 47 сынып бар. Жыл басында әр сыныптар бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздері» талқыланып ондағы бағыттар бойынша жұмыстарды іске асыру мақсатында әр сынып бойынша жоспарлар құрылып,бекітілгендігін,сол жоспарға сай жыл басындағы бірнеше өтілген шараларға тоқталып талқылап өтті. Отбасы күніне,ұстаздар күніне,күздің молшылық пен берекеге толы ынтымақтастық пен татулыққа, еңбексүйгіштікке табиғатты қорғап, аялауға тәрбиелеу мақсатында арайлы алтын күз, шынайы патриот болуға тәрбиелеу мақсатында 1 желтоқсан Елбасы күніне арналған шаралар,елін, жерін сүюге, отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында тәуелсіздік күніне арналған шаралар,сонымен қатар рухани жаңғырудың басқа да бағыттарының шеңберінде «мемлекеттік рәміздер», «сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыптарында, «жолда жүру ережелері» тақырыбы шеңберінде «Жолда сақ бол, балақай!» тақырыбында сынып сағаттары, «құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша мектеп инспекторымен кездесу, немесе қыз балалармен жұмыс, ұл балалармен жұмыс бағыттары бойынша да сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылғанын хабарлама жасады.Сонымен қатар оқушыларымыз орталық кітапханамен үнемі тығыз байланыста.Барлық шаралар сол өткен сәтте талқыланып, жетістік кемшілігі талданып отыратындығын айта кете отырып,тамаша сынып жетекшілердің шеберліктерін атап кетті. «Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында біршама жұмыстардың жасалғандығы айтылып және барлық жұмыстар әлеуметтік желіде жарияланып отырғанын көрсетіп өтті.Дегенмен,олқы тұстарға да тоқталып,ұсыныстарын мәлімдеді,сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысын жандандыру, ата анамен үнемі тығыз байланыста болу,қыз балалармен жұмыс,ұл балалармен жұмысты жандандыру,тәрбиелік шаралардың өту тәсілін жаңаша бағытта түрлендіру;

**5-мәселе** бойынша психикалық дамуы тежелген (ПДТ) арнайы сыныптардағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Хидуллина хабарлама жасады.

Мектеп бойынша 5 арнайы сыныпта 31 білім алушы оқитыны, барлық білім алушылардың ПМПК шешімімен берілген анықтамалары жинақталған.Арнайы сыныптағы білім алушылар әр түрлі мөлтек ауданнан келіп оқитындығы,осы сыныптарда оқитын білім алушылардың күнделікті сабақтан қалмай келіп,сабақтарына қатысып білім алушылардың өз мүмкіндіктеріне және жеке даму ерекшеліктеріне орай,сабақта берілген мағлұматты бағдарлама талаптарына сай жүргізіп оқып сұрақтарға жауап қайтара біліп,түсінгендерін айта білуге баулу,жазу дағдыларын жетілдіру, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне үлкен жауапкершілікті жүктейтіндігін атап өтті.Арнайы сыныптардағы оқу-тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларымен реттелетіндігін айта отырып, арнайы ПДТ сыныптарындағы мұғалімдердің барлығының да күнтізбелік жоспарлары талапқа сай жүйеленген,барлығының да тексеру барысында күнделікті (ҚМЖ) сабақ жоспарлары толық жазылғанын және арнайы сынып білім алушыларына сай жеңілдетілген түрде түрлі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып жүргізгендігін хабарлады.Әр мұғалімнің сабақтарына қатысып,олардың сабақтарындағы жетістіктер мен әлсіз тұстарын атап өтті.Сабақта оқу бағдарламасын игеруде қиындықты сезінетін оқушылар үшін білім олқылықтарының орнын толтыруға арналған жеке және топтық түзету сабақтары да өз орнымен бірізді ұйымдастырылып отырғанын,түзету сабақтарына арнайы дефектолог маман дәріс беретінін және оның сабақтарына да қатысып, қолданған әдіс-тәсілдеріне оң баға берді. Сонымен қатар жыл сайын өткізілетін облыстық, қалалық «Ақылдылар» пәндік байқауына,Республикалық «Жұлдыз ай» байқауына оқушыларымыз үнемі қатысып жүлделі 1,2 орындарға ие болып жүргендіктері білім алушыларымызбен жасалған жұмыстың нәтижесі деп білетінін ерекше атап өтті.Арнайы сыныптарға дәріс беретін мұғалімдер білім мазмұнын жаңарту мақсатында өз сабақтарында жаңаша әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданып,сабақ үрдісінде баланың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыстар көбірек жүргізуге ұсыныс берді. Хабарлама жазбаша тіркелді.

**2.Сөйлеушілер:**

**1.Куракова Гүлнар Жұмақұлқызы тарих пәні мұғалімі**:

- Педагогикалық кеңесте қаралаған мәселелерді тыңдай отырып,әр хабарламашының нақты жұмыстарды зерделей,мониторинг жасағаны үшін рахмет айтамын,өйткені біздер атқарылған жұмыстарымызбен қатар кемшіліктерімізді де көріп отырмыз.Менің айтайын дегенім, командалық жұмыстың тиімділігі орасан зор.Өз тарапымнан мен жоба жұмысына белсене араласып ,өзіме жаңа серпіліс алдым.Өйткені,біріншіден, тәжірибе алмасу,әріптестеріме көмектесуге,жаңа жобаларға, идеяларға ашықтық және жұмысты жақсартуға дайын болуға өзімді жігерлендірдім,екіншіден бірлескен әрекет арқылы титтей де болса нәтижеге жеттік,үшіншіден,команда жұмысы

арқылы білім алушыларда саралау тапсырмаларын тиімді қолдануда білім сапасында ілгерлеу байқалды.Бұны мен әрине,тиімді команданың нәтижелі алғашқы жемісі деп бағалар едім.Бұл жобаның жұмысын ҚГБ пәндерге ендіруді қолға алып,дамытып отырмыз.Менің ұсынысым, дескрипторларды нақтылау арқылы негізгі мақсатпен жұмыс жүргізсек,баланың неден қиналатынын нақтылай білсек әрине жақсы өнім нәтиже болатыны сөзсіз.Біз ең бастысы,әр жұмысымызға саралауды әдісін тиімді үйлестіруіміз керек.

**2.Сагиндикова Райся Канатовна информатика пәні мұғалімі**:

- Қаралаған мәселелер,айтылған хабарламалар,ұсынылған ұсыныстар өте орынды деп ойламын.Әр хабарламадан мектебіміздің бірінші жарты жылдықта атқарылған жұмыстары мен кеткен кемшіліктерінен өзімізге сабақ алып отырмыз.
Әсіресе білім алушылардың білім сапасын көтеруде,олардың қызығушылықтарын арттыруда,оқуға ынтасын дамытуда,танымдылық белсенділігін жетілдіруде бірлескен әрекетте тиімді сабақты жоспарлай отырып,ізденісте болуымыз қажет.
Өйткені, өмірдің жаңа талаптарына төтеу үшін білім саласында инновациялар мен әртүрлі новаторлық идеялар мен жаңарулар көбейді. Менің ұсынысым,бүгінгі мектеп жасындағы білім алушыларымыз Z-ұрпағы,ал сол ұрпаққа қазіргі заманда мұғалімдер мен білім алушылар техниканың қыр сырын меңгеріп аудио, видео трансляция, желілік қауымдастықта қарым-қатынас жасау, әртүрлі білім платформалар арқылы виртуалды оқытуды дамытуымыз қажет деп ойлаймын. Сондықтан педагогтер кәсіби пән құзіреттіліктерімен қатар, ақпараттық коммуникация құзыреттіліктерін шыңдау қажеттілігі туындап отыр. Z-ұрпағының деңгейімен теңесетінде солардың сұранысын қанағаттандыратын өз-өзімізді жетілдіруіміз керек.Біздің заманауи әдістерді қолданып өткізген әр сабағымызда берілген білімдер мен дағдылар білім алушылардың ой ұшқырлығы, сыни ойлауы, шығармашылығы мен креативтілігін дамытуға жеттілікті ме?Сол сауалды өзімізге қоя білсек,біз әрине шешу жолын табар едік. Сол тұрғыда заманауи ұстаз білім алушылардың қажеттілігін ескеріп, өздігіне дамуға, тапқырлыққа, зерттеуге, әлемнің үздіксіз өзгерістеріне бейімді болып тәрбиелеу тиіс деген ұсынысым бар,және цифрлық сауаттылық дамытуымыз қажет.

**3. Нигметова Гулжанат Шапағатқызы -ағылшын тілі пәні мұғалімі:**

- Педагогикалық кеңестегі барлық мәселелерді тыңдап,біршама мектебімізде жасалған жұмыстарды көріп,қанағаттанып отырмын,дегенмен мектебімізде ерекше білімді қажет ететін білім алушылармен жұмысты,инклюзивті білім беруді қажет білім алушылармен жұмысымызды жандандыруымыз қажет,менің ұсынысым әсіресе мектебіміздегі арнайы сыныптың сынып жетекшілері ата-анамен үнемі тығыз байланыс жасау қажет,өйткені пәндер бойынша білімділік деңгейлеріне диагностика жасау, ал мектеп психологы тарапынан білім алушыладың мотивация деңгейін зерттеу, ойлау процестерінің даму деңгейін, еске сақтау деңгейін зерттеу қажетпіз.Оқу кабиенттерінде оқу орнын бейімдеуге, мектеп психологтің қолдауы,әлеуметтік педагогтің қолдау қажеттіліктерін анықтау үшін арнайы КПИ кабинеттері болса деген ұсынысым бар.

Мектеп директоры Султанова Алтын Амангелдыевна қаралған барлық мәселелердің хабарламаларын және сөйлеушілердің ұсыныс пікірлерін қабылдай отырып педагогикалық кеңесті қорытындылады:

Кеңестегі күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланды.Қандайма қаралған мәселелердің білім алушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау екендігі, білім алушылардың көз карасымен карап,бүгінгі білім алушының сұранысын канағаттандыра алатындай жаңаша бағытта жұмысымызды арттыруымыз қажет. Олқылықтармен жұмыстарды,білім сапасын қайткенде арттыруға болатындай талдау қорытындыларын жасауды тапсырды.Олқылық неде,мұғалімдердің кәсіби қолдауы, бірлесіп жоспарлау, тәжірибе алмасу жеткілікті болмауы,әр сабақта калыптастырушы бағалау жүйелі жүргізіліп, кейбір мұғалімдердің тиімді кері байланыс беру дағдыларының әлсіздігі,қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ке дайындықтың аздығын баса айта отырып,жобалық зерттеу сабақтарын жүргізу,ата-ана мен оқушы ынтымақтастығын нығайту,жас мамандармен жұмыс тәлім алушы мен тәлімгер жұмысының табыстылығын жүйелеу төңірегінде ұсыныстар мен алдыңғы педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелерді атап өтті.

**Педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелерді талдай келе және педагогтардың ұсыныстарын басшылыққа ала отырып кеңестің шешімімен қаулы етеді:**

1.2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша сапасы төмен сыныптардың білім сапасын көтеруге мектепішілік іс-шарлар жасақталсын және жұмыстардың жүргізілуі қатаң бақылауға алынсын.

2.Жаратылыстану математикалық бағыттағы пәндердің берілуінде білім сапасын жандандыру жұмыстарын арттырып, жаңаша оқытудың белсенді әдіс тәсілдерін қолдана отырып тиімді оқытуды жүзеге асыру қолданылсын.

3.Білім алушының білім сапасын анықтауда БЖБ және ТЖБ жұмыстары нақты талапқа сай объективті жүргізілсін, білім алушының тыңдалым мен айтылым дағдыларын қалыптастыруда саралау тапсырмаларын тиімді қолдану талапқа сай жүргізілсін.

4. Мектеп педагогтер кәсіби пән құзіреттіліктерімен қатар, ақпараттық коммуникация құзыреттіліктерін шыңдау қажеттілігі цифрлық сауаттылық дамытуы үздіксіз жүргізілсін.

5. Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) арнайы сыныптардағы білім алушылардың сапалы білім алуы үнемі бақыланып,білім алушыларының таным аймағын дамыту жаттығуларын жасау арқылы психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары жандандырылып,талапқа сай жүргізілуі бақылауға алынсын.

6.Пән мұғалімдерінің зерттеу жұмыстарымен айналысуы,сабақ өткізу сапасын арттыру жұмыстары жандандырылсын.

7. 2021-2022 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысын жүргізуде «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдалық негіздері жұмыстары талап деңгейінде атқарылған кемшіліктерді ескере отырып жүйелі жалғастырылсын

Педагогикалық кеңес төрайымы А.А.Султанова

Хатшы Н.А.Рафихова